



Сабақтың тақырыбы:
Бердібек Соқпақбаев.

«Қамқорлық»



2. Үй тапсырмасын сұрау, бағалау

- 1) Шаруа көжекке қандай аяушылық білдіретін сөз айтты?
- 2) Көжектің қорқынышты халін баянда.
- 3) Шаруа неліктен көжекті үйіне әкелмекші болды?
- 4) Туған-жер, отан туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер?
- 5) Көжек неге жылы үйден қашты?



3. Жаңа сабақ



- Б. Соқпақбаев 1924 жылы . Алматы облысы Нарынқол ауданында дүниеге келген .
- Балалар жазушысы
- Қазақфильм студиясында
- «Қазақ әдебиеті» «Балдырған » журналында жұмыс істеген .
- Шығармалары «Алыстағы ауылда », «Балалық шаққа саяхат» «Менің атым Қожа» , «Өлгендер қайтып келмейді »



4.СӨЗ ЖҰМБАҚ ШЕШУ



- 1.Сері атанған жігіт.
2. Кен өндіретін тау аты .
3. С. Бегалин әңгімесі.
4. Құйрығы айыр құс.
5. Шебердіңортақ
6. Қыран құс
- 7.Суы салқын шыныдай таза.....екен
- 8.Таза бұлақ авторы.
9.аш адамға ат басындай алтыннан түк пайда жоқ



5. Оқулықпен жұмыс: Оқушыны тізбектей оқыту.


Мәтіннен сұраулы, лепті сөйлемді табу.

Сөздікпен жұмыс:

Әккі-әбден бойы үйренген, топшы-құс қанатының кеудеге жалғасқан жері, жан таласа-асығу, тездету, өкпесі өшу-алқыну, ендігу.



6 Жантас пен Қожаға мінездеме беру:



Жантасқа



Қожаға





Торғай - қыста қыстап қалатын, өсімдіктерді шыбын шіркейден тазартатын , тұмсығы, қанаты бар ұшатын құс.Құстарға қамқорлық жасауды ұмытпа. Құс ұясын бұзуға , балапанын өлтіруге болмайды



Мақал- мәтелдер айту.



Әдепті бала - арлы бала, әдепсіз бала - сорлы бала.
Жақсының ісі-береке, жаманның ісі- келеке.
Балапан ұяда не көрсе , ұшқанда соны іледі.
Талапты бала талпынған құстай, құмары қанбас
аспанға ұшпай.



Тестпен жұмыс:

1. Ж. Аймауытовтың әңгімесі.

А) Бүркіт. Ә) Торғай. Б) Көжек.

2. Өзен кімнің өлеңі?

А) Ыбырай. Ә) Абай. Б) Шәкәрім

3. «Азықсыз аш адамға ат басындай алтыннан түк пайда жоқ»

А) Таза бұлақ. Ә) Нағыз адам. Б) Бір кесе меруерт.

4. Абайдың ұлы кім?

А) Әбіш. Ә) Шоқан. Б) Шәкәрім.

5. Күзек сөзінің мағынасы не?

А) Көктемгі егіс даласы. Ә) Қойды күзде қырқатын қоныс.

6. Шоқанның әкесі кім?

А) Абай. Ә) Шәкәрім. Б) Шыңғыс.

7. «Жылан торғайды арбап жейді» деген сөз кімнің әңгімесінде айтылған?

А) М. Сүндетов. Қайырымдылық. Ә) Ж. Аймауытов. Торғай.

8. Киіктің жаңа туған лағын қалай атайды?

А) Құралай. Ә) Қозықа. Б) Ақбөкен. В) Марал.

9. Көкшені гауһар тастан жасалған күмбезге теңеген кім?

А) С. Сейфуллин. Ә) М. Сүндетов. Б) С. Мұқанов.

10. Наурыз қандай мейрам?


А) Діни мейрам. Ә) Мемлекет мейрамы. Б) Ұлттық мейрам.



Құстар туралы жұмбақтар шешу.

- Жайнаған бақтың әншісі,
 - ✓ Тамсанған оған сан кісі.
- Су бетін сызып,
 - ✓ Ақ құман жүр жүзіп.
 - ✓ Мойны сұрақ белгісі,
 - ✓ Бұл қандай көл құсы?
- Бұдыр-бұдыр балшықты,
 - ✓ Жинайды да талшықты.
 - ✓ Ұқсатып қамытқа
 - ✓ Үй салады жабық.
- Ұзақ тектес құс,
 - ✓ Шіркей жеп.
 - ✓ Ауыл маңынан кетпес құс.
- Кеудесі қайқандап,
Жүреді байпаңдап.





Сабақты қорытып, бағалау.

- Ж. Аймауытовтың торғайы неден қорқып еді?
- Бердібектің торғайы ше?
- Жүсіпбектің торғайына ара түскен кім еді?
- Бердібектің торғайы ше?
- Қожаның орнында сен болсаң не істер едің?

